

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 11 шілде N 757

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің қызметін жетілдіру, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға ден қоюдың жеделдігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне 2002 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және басқа да күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Республикалық дағдарыс орталығы" мемлекеттік мекемесінің үй-жайларын көшіруге, толық жарақтандыруға және күрделі жөндеуге 19600000 (он тоғыз миллион алты жүз

мың) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.